

IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы XVI сессиясының "Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 172 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XXVIII сессиясының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 300 шешімі. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 желтоқсанда N 8-1-108 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 маусымдағы № 171 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 21.06.2017 № 171 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13 бабына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы XVI сессиясының "Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 172 шешіміне өзгеріс енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-1-84 болып тіркелген, 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 134 (463) "Взгляд на события" газетінде жарияланған):

1 тармағының 1 тармақшасындағы "он үш" сөзі "он бес" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (төрағасы Асхат Қанатұлы Аймағамбетов) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

IV шақырылған Қарағанды

қалалық мәслихатының кезекті

XXVIII сессиясының төрағасы

Ж. Мұхтаров

Қарағанды қалалық

мәслихатының хатшысы

Қ. Бексұлтанов

Келісілді:

"Қарағанды қаласының жұмыспен

камту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

М. Құсаинова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК